

Ж. Зукай
Ж.Т. Искакова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zhanerke_09@mail.ru, ziskakova@list.ru)

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құқықтық мәртебесін айқындау мәселесіне қатысты

Аңдатпа. Мақалада халықаралық аймақтық ұйым ретінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы мәртебесінің халықаралық-құқықтық аспектілеріне кешенді талдау жасауға талпыныс жасалды. Онда қолда бар деректер зерттелді және жүйеленді, зерттеушілердің бұл мәселе туралы ғылыми тәсілдері зерделеніп, ШЫҰ жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасы мен ұйымішілік тетіктері, оның институционалдық даму процестері талданды.

Түйін сөздер: халықаралық ұйым, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, интеграциялық бірлестік, халықаралық құқық, аймақтық ынтымақтастық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2021-137-4-59-69>

Кіріспе

1996 жылы Шанхайда өткен бес мемлекет - Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей және Тәжікстан мемлекет басшыларының кездесуінде Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қойылып, осы келісімнің негізінде «Шанхай бестігі» ретінде белгілі саяси бірлестік пайда болған болатын. Бірлестіктің басты мақсаты аталған мемлекеттердің шекарасы бойындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету болды.

Осы саладағы табысты ынтымақтастық «бестік» елдеріне трансшекаралық ынтымақтастық шеңберінен шығуға мүмкіндік берді. 2000 жылы «Шанхай бестігі» «Шанхай форумы» болып өзгертілді, саммитке Өзбекстан Республикасы бақылаушы ретінде қатысты. 2001 жылы Өзбекстан «бестікке» қосылғаннан кейін, осы мемлекеттердің басшылары 2001 жылдың 15 маусымында Шанхай ынты-

мақтастық ұйымын (ары қарай – ШЫҰ) құру туралы Декларацияға [1] қол қойды. Ал 2002 жылы 7 маусымда ұйымның Хартиясы [2] қабылданды.

Қазіргі таңда ұйымға 8 мемлекет мүше, олар: Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан және Үндістан. 2021-жылдың 16-17 қыркүйек күндері Душанбеде (Тәжікстан) өткен ШЫҰ Саммитінде бұған дейін бақылаушы-мемлекет мәртебесінде болған Иран Ислам Республикасын ұйымға 9-мүше ретінде қабылдау процедурасы басталды [3]. Иран ұйымға мүшелікке өтсе, 3 мемлекет, яғни Ауғанстан, Беларусь пен Моңғолия ШЫҰ жанындағы бақылаушы мемлекет мәртебесіне ие боп қалады.

Сонымен бірге, ШЫҰ сұқбат бойынша әріптесі саналатын мемлекеттер бар, олар: Әзербайжан, Армения, Камбоджа, Непал, Түркия және Шри-Ланка. Душанбе саммитінде бұл мемлекеттердің қатары көбейіп, Еги-

пет, Катар және Сауд Арабиясы қосылды [3]. «ШЫҰ жанындағы сұқбат бойынша әріптестің мәртебесі туралы» ережеге [4] сәйкес, сұқбат бойынша әріптес мәртебесі ШЫҰ мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін және ұйыммен тең өзара тиімді әріптестік қатынастарын орнатқысы келетін мемлекетке немесе ұйымға беріледі.

ШЫҰ-на Пәкістан мен Үндістан және Иранның мүше болуы, ұйыммен ынтымақтастық (бақылаушы немесе әріптес ретінде) орнатқысы келетін мемлекеттер санының артуы ұйымның географиялық аясы кеңейіп қана қоймай, халықаралық аренада атқарар рөлі өзгеріп келе жатқанын көрсетеді.

Дегенмен, халықаралық ұйымға тән көптеген белгілері болғанына қарамастан, ШЫҰ-ның құқықтық мәртебесіне қатысты ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер бар екенін көреміз. Ұйымның құқықтық мәртебесі мен қызметі туралы сөз қозғағанда кейбір ғалымдар оны халықаралық үкіметаралық ұйым ретінде қарастырса, енді біреулері халықаралық немесе аймақтық интеграциялық бірлестік ретінде қарастырады.

Мақала мақсаты

Өзінің құрылтай құжаты болып саналатын актісі Хартияда құқықтық мәртебесі нақты анықталмауы және сол арқылы зерттеушілер арасында әр түрлі пікір туғызуы ұйымның дамуы мен болашағына, қызметінің бағыттарына әсер етері сөзсіз. Өйткені, халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктердің өзара ұқсас тұстары көп болғанымен, құқықтық мәртебесі мен қызметі жағынан екі түрлі субъектілер. Сондықтан Шанхай ынтымақтастық ұйымының құқықтық мәртебесі туралы әртүрлі ғылыми пікірлерді саралау, өзіндік қорытындыға келе отырып, аталған ұйымның халықаралық ұйым екенін дәлелдеу мақаланың мақсаты болады.

Зерттеу тәсілдері

Мақала тұтастық, объективтілік, жалпыға бірдейлік, нақтылық секілді ғылыми прин-

циптерге сүйене отырып жазылды және ғылыми танымның жекелеген кезеңдерінде қолданылатын жалпыға белгілі әдістер ретінде эмпирикалық, теориялық жалпы ғылыми зерттеу әдістері негізінде дайындалған. Деректерді бастапқы талдау зерттеу барысында автор жинаған материалдарға негізделген. Сондай-ақ, салыстыру, талдау және сыни тәсілдер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Шанхай ынтымақтастық ұйымы халықаралық ұйым ба, әлде интеграциялық бірлестік пе деген сұраққа өз жауабымызды іздемес бұрын, осы екі ұғымның құқықтық табиғаты туралы доктрина мен халықаралық актілерде не делінгеніне тоқталғанымыз жөн.

Мемлекеттерге қарағанда салыстырмалы түрде халықаралық құқықтың жаңа субъектісі болып саналатын халықаралық ұйымның құқықтық табиғаты халықаралық-құқықтық доктринада жан-жақты зерттелген, қарастырылған, тұжырымдық қалыптасқан. Белгілі бір деңгейде ғалымдардың пікірлері әр түрлі болғанымен, олардың арасында елеулі пікір айырмашылығы жоқ.

БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің 1950-жылдың 27-ақпанында қабылданған 1296 (XLIV) Қарарында: «мемлекеттердің арасындағы келісім бойынша құрылған, олардың өзі мүшелері болатын ұйымдар» [5] деп халықаралық ұйым ұғымының қысқаша анықтамасы халықаралық актіде алғаш берілген. Интеграциялық бірлестіктер сияқты жаңа типтегі субъектілер пайда болған кезде бұл анықтама халықаралық ұйымның құқықтық табиғатын толық аша қоймайды.

БҰҰ Халықаралық құқық комиссиясы 2001 жылы қабылдаған Халықаралық ұйымдардың жауапкершілігі туралы баптар жобасының 2-бабында: «Халықаралық ұйым – шарт немесе халықаралық құқық арқылы реттелетін басқа да құжат негізінде құрылған және өзіне тән құқықсубъектілігі бар ұйым» [6] деп анықтама берді. Және халықаралық ұйымдарға мүше ретінде «мемлекеттермен қатар, басқа да құрылымдар (ұйымдар) қа-

былдана алады» [6] деді. Бұл халықаралық ұйымдардың интеграциялық бірлестіктерден басты ерекшелігін көрсетеді. Ал интеграциялық бірлестіктерге басқа интеграциялық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдар мүше бола алмайды. Өйткені, ол интеграциялық бірлестіктердің жалпы сипатына қайшы келеді. Бұл да халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктердің бір-бірінен дербес субъектілер екенін көрсетеді.

Интеграциялық бірлестік ұғымы халықаралық-құқықтық актілерде алғаш рет экономикалық интеграциялық бірлестікке берілді. Мәселен, 1992 жылғы Биологиялық әртүрлілік туралы БҰҰ конвенциясының 2-бабында «осы аймақтың егеменді мемлекеттері құрған, оған мүше мемлекеттер осы Конвенциямен реттелетін мәселелер бойынша өз өкілеттіктерін берген және ішкі рәсімдеріне сәйкес оған қол қоюға, ратификациялауға, қабылдауға, мақұлдауға тиісті түрде уәкілеттік берілген ұйым» деп «экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымына» ресми анықтама берілген [7].

Доктринаға келсек, интеграциялық бірлестіктердің құқықтық табиғаты туралы мәселе батыс ғалымдарынан гөрі посткеңестік мемлекеттердің ғалымдарын көбірек қызықтыратыны айтылады [8, 132-б.]. Мәселен, профессор К.А. Бекашев былай дейді: «Іс жүзінде барлық халықаралық интеграциялық бірлестіктер мемлекеттердің бірлестіктері болады. Демек, олар табиғаты бойынша үкіметаралық сипатта. Өзінің құқықтық мәртебесі бойынша халықаралық интеграциялық бірлестіктер халықаралық үкіметаралық ұйым нысанында (мысалы, ЕАЭО, ЕО және т.б.), не өзге нысанда да (мысалы, БРИКС, АТЭС және т. б.) құрылуы мүмкін екенін атап өту маңызды. Осыған байланысты, олар халықаралық құқықсубъектілікке ие немесе жоқ. Халықаралық ұйым түрінде құрылған халықаралық интеграциялық бірлестіктер халықаралық құқықтың субъектілері болады және халықаралық құқық субъектісіне тән барлық қасиеттерге ие» [9, 203-б.]. Көріп отырғанымыздай, К.А. Бекашев интеграциялық бірлестіктердің халықаралық ұйым нысанында болуы мүм-

кін екендігін айтады. Дегенмен, ғалымның бұл пікірінен сонда интеграциялық бірлестіктердің құқықтық табиғаты қандай, халықаралық ұйымдардың ерекше түрі ме, әлде мүлдем жаңа, дербес субъекті ме деген сұрақтардың жауабын біле алмаймыз.

Ал А.Я. Капустин «XX ғасырда халықаралық ұйым тұжырымдамасын дамыту халықаралық аренада негізгі мақсаты мүше мемлекеттердің интеграциясы болатын халықаралық үкіметаралық ұйымдардың пайда болуына алып келді. Бұдан кейін тіпті «халықаралық ұйым» термині осындай ұйымдарға қатысты абайлап қолданыла бастады. Олар халықаралық ұйымдар деп емес, «қауымдастықтар», «одақтар» және басқа терминдермен атала бастады» дейді [8, 116-б.]. Бұл пікірден біз ғалымның интеграциялық бірлестіктерді халықаралық ұйымдардың ерекше бір түріне жатқызатынын түсінеміз. Егер интеграциялық ұйымдардың барлығында халықаралық құқықсубъектілік жоқ (мысалы, БРИКС, USMCA (бұрынғы НАФТА) екенін ескерсек, ғалымның бұл пікірімен келісе қою қиын.

Интеграциялық бірлестіктердің мәртебесі мен белгілері туралы зерттеген келесі зерттеуші А.Р. Нурулин халықаралық ұйымдар мен халықаралық интеграциялық бірлестіктердің ерекшеліктеріне тоқталып: «Тиісінше, қазіргі күні ғылымда да, халықаралық келісімдерде де интеграциялық бірлестіктерді анықтауда бірыңғай тәсіл жоқ, бұл көбінесе осы құбылыстың дамуының аймақтық сипатына байланысты. Сондықтан интеграциялық бірлестіктердің белгілерін анықтауда мемлекеттер арасында ортақ ұстанымды қалыптастырудың объективті қажеттілігі туындайды. Интеграциялық бірлестіктердің құқықтық табиғатын және санаттарын айқындау мен түсіндіруде айқындық енгізе алатын беделді органдардың бірі – ол БҰҰ Халықаралық құқық жөніндегі комиссиясы. Халықаралық интеграция процестерін түсіну мақсатында аймақтық халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер арасындағы айырмашылықты анықтау маңызды міндет болады» [10, 62-б.] дей келе, классикалық үлгідегі халықаралық

ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер бір-біріне ұқсас болғанымен, екі түрлі субъект екенін дәлелдейді.

Сонымен, біз халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер өзара ұқсас, олардың құқықтық табиғаты бір-біріне жақын болғанымен, интеграциялық бірлестіктер халықаралық қатынастардың жаңа субъектісі, халықаралық құқықта олардың құқықтық мәртебесі әлі де нақты айқындалмады деген пікірлермен келісеміз.

Ендеше, тікелей ШЫҰ-ның құқықтық мәртебесіне келетін болсақ, бұған қатысты ғалымдар арасында әртүрлі пікір барын жоғарыда атап өттік. Мәселен, ресейлік зерттеуші И.А. Фадеева өз мақаласында «осы тұрғыда жаңа үлгідегі интеграциялық бірлестік болатын Шанхай ынтымақтастық ұйымының жұмыс істеу тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық» [11, 44-б.] дей келе, аталған ұйым қызметін толығымен интеграциялық бірлестік ретінде қарастырады.

О.А. Алексеенко да өз зерттеуінде аймақтық интеграциялық бірлестіктер қатарына ШЫҰ-ын жатқызып, «қазіргі геосаяси аренада Шанхай ынтымақтастық ұйымы Орталық Азия аймағындағы аймақтық интеграциялық бірлестіктің бір мысалы болады» дейді [12, 133-б.].

Халықаралық құқық саласының беделді маманы, профессор К.А. Бекяшев «Понятие и правовой статус международных интеграционных объединений» тақырыбындағы мақаласында ШЫҰ-ын аймақтық интеграциялық бірлестіктердің қатарында атайды [13, 60-б.].

Ресейлік келесі зерттеуші Н.В. Серебрякова «Шанхай ынтымақтастық ұйымы бірқатар өзіндік ерекшеліктері, өзінің даму траекториясы бар интеграциялық бірлестік ретінде қарастырылуы мүмкін» дейді [14, 5-б.].

Ал қазақстандық зерттеуші Р. Копжанов ШЫҰ-ын халықаралық ұйым ретінде қарастырып, «қазіргі уақытта Шанхай ынтымақтастық ұйымы беделді аймақтық ұйымға айналды, конфронтация дәуірінен мүлдем басқа құндылықтар мен міндеттерге бағытталған жаңа типтегі бірлестіктің үлгісі болды» дей келе, болашақта оның интеграциялық

бірлестікке айналуы мүмкіндігін былай деп келтіреді: «Ұйымның аясында экономикалық ынтымақтастық та қарқын алып келе жатқанын бірте-бірте айқын бола бастады, оның үстіне ШЫҰ-ға қатысушы елдер табиғи ресурстардың мол қоры, елеулі өнеркәсіптік, технологиялық және ғылыми база, әлемдегі ең үлкен еңбек әлеуетіне ие. 2003 жылғы қыркүйекте осы ынтымақтастықтың құқықтық базасы жасалды, оның негізін 2020 жылға дейін болжанған Көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы құрады. Болашақта ШЫҰ шеңберінде еркін сауда аймағын құру жоспарлануда. Жаһандану жағдайында ШЫҰ аясындағы аймақтық интеграция осы бірлестікке қатысушы мемлекеттер экономикасының шаруашылық артта қалуы мен шикізаттық бағыттылығын еңсеруге мүмкіндік береді» (Бұл жерде 2003 жылғы бағдарлама мерзімі аяқталуына байланысты 2020 жылы көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламаның 2035 жылға дейінгі жаңа нұсқасы қабылданғанын айта кетуіміз керек) [15, 137-б.]. Көріп отырғанымыздай, зерттеуші «еркін сауда аймағын құру жоспарлануда» [15, 137-б.] дейді. 1947 жылғы 30 қазандағы Тарифтер мен сауда бойынша бас келісімге (ГАТТ) негізделген классикалық батысеуропалық теорияға сәйкес, еркін сауда аймағы экономикалық интеграцияның ең алғашқы нысанына жатады [16, 107-б.]. Еркін сауда аймағы құрылған жағдайда, «қатысушы елдер арасындағы сауда шектеулері, ең алдымен кедендік тарифтер мен квоталар жойылады» [16, 107-б.]. Осы тұрғыдан алғанда, ШЫҰ-ның 2035 жылға дейінгі Көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасында айтылған экономикалық ынтымақтастықтың басым бағыттары мен міндеттері қатарында еркін сауда аймағын құруға қатысты міндеттер аталмаған [17]. Ендеше зерттеушінің ШЫҰ аясында еркін сауда аймағы құру жоспарлануда деген пікірінің дұрыс емес екенін көреміз.

Өзбекстандық зерттеуші О.Р. Шералиев те өз жұмысында «біздің ойымызша, ШЫҰ аймақтық интеграциясының эволюциялық жолы аясында экономикалық интеграция ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің өзара қа-

рым-қатынастарын тереңдетудің одан әрі катализаторы бола алады» дей отырып, ұйымды интеграциялық бірлестік ретінде қарастырады [18].

Қытай зерттеушісі Фань Сюэсун ШЫҰ тетіктері мен оның тиімділігін зерттеген мақаласында: «ШЫҰ ықпалы мен стратегиялық функциясы үнемі дамып келеді, ол қазірдің өзінде әлемдегі аса маңызды және ықпалды халықаралық аймақтық ұйымдардың біріне айналды. Еуразияда, әсіресе Орталық Азияда ШЫҰ рөлі зор» деп, ШЫҰ-ын халықаралық ұйым ретінде қарастырады [19, 114-б.]. Фань Сюэсунның отандасы Син Гуанчэн де ШЫҰ-ын халықаралық ұйым деп атайды: «Барлық мүшелердің тынымсыз дамуы мен күш-жігерінің арқасында ШЫҰ жаңа үлгідегі ұйымға айналды. Ұйымды дамытудың жалпы процесін ескере отырып, оның дамуында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілгенін атап өтуге болады. ШЫҰ үлкен өміршеңдік таныты» [20, 57-б.].

Тағы бір ресейлік зерттеуші В.С. Лавров ШЫҰ мәртебесі мен қызметінің халықаралық-құқықтық аспектісін зерттеген өз еңбегінде (жоғарыда аталған еңбектердің ішінде тікелей ШЫҰ-ының халықаралық-құқықтық мәртебесін анықтауға бағытталған еңбек екенін айта кеткеніміз жөн) ШЫҰ-ын толығымен халықаралық аймақтық ұйым ретінде қарастырады, интеграциялық бірлестік туралы сөз қозғамайды [21].

Ал беларусь зерттеушісі Е.Ф. Довгань ШЫҰ-ының халықаралық ұйым екеніне шүбә келтірмейді: «Доктринада ШЫҰ бірде «өзінің қалыптасуының бастапқы кезеңіндегі аймақтық халықаралық құрылым» ретінде, бірде тіпті «аймақтық ұжымдық қауіпсіздік ұйымы» ретінде бағаланады. ШЫҰ халықаралық ұйым екені сөзсіз, өйткені ол халықаралық ұйымдарға тән барлық өлшемдерге сай: халықаралық құқыққа сәйкес, яғни заңды негізде құрылған, халықаралық шарт негізінде құрылған, қызметтің нақты салаларында ынтымақтастықты жүзеге асырады, тиісті ұйымдық құрылымға ие, тәуелсіз құқықтар мен міндеттерге ие» [22].

Бұл құрылғанына биыл 20 жыл болатын ұйымның құқықтық мәртебесіне қатысты ға-

лымдар арасында әлі де әртүрлі пікірлер барын көрсетеді. Зерттеушілер тарапынан бұл ұйымның құқықтық мәртебесіне қатысты әртүрлі көзқарастың болуына себеп - 2001 жылғы Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы Декларация [1] мен 2002 жылғы Хартияның [2] ешқайсысында ұйым халықаралық ұйым немесе интеграциялық бірлестік деп аталмауында. Хартияның 15 бабында «ШЫҰ халықаралық құқықтың субъектісі ретінде халықаралық құқыққа білеттілікке ие. ШЫҰ заңды тұлға құқықтарын пайдаланады және, атап айтқанда: шарттар жасасады, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу және оларға билік ете алады, сотта талапкер немесе жауапкер ретінде әрекет ете алады, шот ашып және ақша қаражатымен операциялар жасай алады» [2] деп қана жазылған. Сонымен, Хартияда ұйымның халықаралық ұйым немесе интеграциялық бірлестік екенін анықтауға мүмкіндік беретін норма жоқ. ШЫҰ-на мүше мемлекеттер басшылары 2002 жылы 7-маусымда Хартияға [5] қол қойғаннан кейін жариялаған Декларацияда [23] да халықаралық ұйым немесе интеграциялық бірлестік деген ұғымдар қолданылмайды. Декларация мынадай сөйлемдермен басталады: «Бүгін біз, Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы мемлекеттерінің басшылары Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ немесе Ұйым) негізгі жарғылық құжаты - Хартияға салтанатты жағдайда қол қойдық. Бұл оқиға құрылғанын біз 2001 жылғы маусымда Шанхайда жария еткен жаңа халықаралық бірлестік үшін құқықтық іргетастың қаланғанын білдіреді» [23].

Қатысушы мемлекеттердің ұйымның құрылтай құжаттарында оның нақты құқықтық мәртебесін айқындамауы зерттеушілерге бұл туралы өз мемлекеттерінің мүддесіне сай пікір айтып, көзқарас қалыптастыруына мүмкіндік беріп отыр. Бұл әсіресе, Орталық Азия аймағына өзінің саяси әсерін арттырғысы келетін Ресейдің зерттеушілеріне таптырмас мүмкіндік болып отыр. Өйткені, ШЫҰ халықаралық ұйым мәртебесіне

ие болса, оның мүше мемлекеттері де тек қана Хартия аясында өзара ынтымақтастықты жүзеге асырады, Хартияда белгіленген ортақ мақсаттарға жетуге тырысады. Және бұл мақсаттарға жету жолында өзінің белгілі бір егеменді құқықтарын шектемейді. Ұйым халықаралық ұйым болып саналса, оның органдары қабылдаған шешімдер мүше мемлекеттер үшін ұсыныс сипатында ғана болады. Өйткені, біз классикалық тұрғыдағы халықаралық ұйымдардың қабылдаған актілері мемлекеттер үшін ұсыныс сипатында ғана болатынын білеміз. Ал егер, ол интеграциялық бірлестік болса, мүше мемлекеттердің ШЫҰ аясындағы өзара іс-қимылдарының мазмұны мүлдем басқаша болады. Себебі, интеграция – бұл белгілі бір бөліктерді біріктіру, сол арқылы бір тұтасқа айналдыру үдерісі. Қазіргі таңда ең көп таралған саяси және экономикалық интеграцияның екеуінің түпкі мақсаты мемлекеттерді қоғамның әр түрлі салалары бойынша өзара тығыз байланысқан бір тұтасқа айналдыру. Сондықтан ресейлік зерттеушілер ШЫҰ интеграциялық бірлестіктер қатарына жатқызып қана қоймай, ұйым аясында интеграциялық үдерістерді жүзеге асыруда туындайтын кедергілерді де атайды. Мәселен, Логинова Р.Р. «мүше мемлекеттердің тарихы, аумағы, тілі мен діні, мәдениетіндегі елеулі айырмашылықтар мен өзгешеліктер интеграцияның тереңдеуіне кедергі келтіру мүмкін» [24, 171-б.] екендігін айта келе, «қатысушы елдер интеграциялық үдерістерді жүзеге асырғанда кейбір қиындықтарға ұшырауы мүмкін. Мәселен, сыртқы саясатта жүзеге асырудағы эгоцентризм (бұл, әсіресе, Қытай мен Ресейге қатысты), ұйымның бағдарламалық мақсаттарына деген әртүрлі көзқарас, мемлекеттер мүдделерінің қарама-қайшылығы осындай қиындықтарға жатады» дейді [24, 171-б.]. Бұл жерде зерттеуші саяси интеграция туралы сөз етіп отыр.

Қорытынды

Бірақ біздің ойымызша, ШЫҰ аясында саяси интеграция туралы сөз етуі әлі ерте, тіпті интеграцияның бұл нысаны осы ұйым

аясында болуының өзі екіталай. Қазақстан Республикасы көршілес мемлекеттермен аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, лаңкестікпен, экстремизм мен сепаратизммен, заңсыз есірткі айналымымен бірлесе күресу, экономикалық және гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты арттыру мақсатында ШЫҰ аясында өзара іс-қимыл жүргізуге мүдделі, бірақ аумағы, халқының саны, саяси және әскери күш-қуаты, экономикалық жағдайы және басқа да аспектілер бойынша өзінен әлдеқайда артық мемлекеттермен (Ресей мен Қытай) интеграциялану, әсіресе саяси интеграциялану оған мүлдем тиімді емес. Саяси интеграция түр ғой, ШЫҰ аясындағы экономикалық интеграцияда болуы мүмкін өзгерістер Қазақстан Республикасы үшін тиімді емес екенін төменде келтірілген экономикалық интеграцияның жай экономикалық ынтымақтастықтан ерекшеліктерінен көруге болады. Сонымен, «экономикалық интеграцияның басқа экономикалық ынтымақтастық нысандарынан ерекшеліктері мынадай:

1) келісімге қатысушы елдер арасындағы тауарлардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің, капиталдардың, адам ресурстарының қозғалысындағы шектеулерді жою;

2) қатысушы елдердің экономикалық саясатын өзара келістіру;

3) ұлттық өндірістік процестердің өзара бірігуі, аймақтағы өндірістік процестің технологиялық бірлігін қалыптастыру;

4) неғұрлым прогрессивті және терең нысандар негізінде өндіріске, ғылым мен техникаға халықаралық мамандану мен кооперацияны кеңінен дамыту, экономиканың дамуын және оның инновациялық тетігін бірлесіп қаржыландыру;

5) қатысушы елдердің экономикасындағы құрылымдық өзгерістер;

6) ұлттық заңнамаларды, нормалар мен стандарттарды жақындастыру;

7) интеграциялық процесті мақсатты реттеу (мемлекеттен жоғары басқару тетіктерінің болу мүмкіндігі) арқылы жүзеге асырылады» [25]. ШЫҰ-на мүше мемлекеттермен бірге болуы мүмкін аталған ерекшеліктердің ешқай-

сысы Қазақстан Республикасының егемендігі мен қауіпсіздігі, экономикалық мүддесі үшін тиімді емес екенін көріп отырмыз.

Осы орайда, ШЫҰ ешқандай интеграциялық бірлестік немесе интеграциялық бірлестік нысанындағы халықаралық ұйым емес, классикалық үлгідегі аймақтық халықаралық ұйым деп санаймыз. Алғашқыда аймақтағы қауіпсіздік пен шекарадағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін сенім шараларын қалыптастыру мақсатында құрылып, кейін осы бағыт одан ары жетілдіріліп, есірткі трафигі, экстремизм, сепаратизм мен лаңкестікке қарсы күрес мәселесіне көбірек назар аударылғанына, зерттеушілер тарапынан да көп назар оның жоғарыда аталған салалардағы қызметіне аударылатынына қарамастан, ШЫҰ қазір өзара экономикалық іс-қимылдарға, гуманитарлық саладағы ынтымақтастыққа тиісті көңіл бөліп отыр. Бұл ұйымның аймақтағы әмбебап сипаттағы халықаралық ұйым екенін көрсетеді.

Ұйым өзінің құрылтай құжаты болатын 2002 жылғы Хартиясында [2] құқықтық мәртебесін нақтыламағанымен, 2015 жылы 10 шілдеде Уфада (РФ) өткен ШЫҰ Саммиті аясында болған Мемлекет басшыларының кеңесі отырысында қабылданған ШЫҰ 2025 жылға дейін даму стратегиясында [26] «Құжат халықаралық және аймақтағы жағдайдың

даму болжамын, сондай-ақ, ШЫҰ-ның өзінің қызметін бағалауды, оның әлемдегі және аймақтағы рөлін, халықаралық қатынастардың басқа субъектілерімен қарым-қатынасын ескереді. Мүше мемлекеттер 2015-2025 жылдары ШЫҰ шеңберінде практикалық ынтымақтастықты осы Стратегия мен түрлі аспектілері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асыратын болады» дей келе [26], мүше мемлекеттер Хартияның мақсаттары мен міндеттерін ұстанатынын және 2025 жылға дейін жетуді көздейтін өздерінің ортақ мақсаттары мен осы мақсаттарға жету үшін шешуі тиіс міндеттерін атайды. Стратегияда сондай міндеттердің бірі ретінде былай делінген: «ШЫҰ-ын әскери-саяси одақ немесе мемлекеттен жоғары басқару институттары бар экономикалық интеграциялық бірлестік ретінде қалыптастыруды көздемейтін көп бейінді аймақтық ұйым ретінде жетілдіру» [26].

Көріп отырғанымыздай, зерттеушілер тарапынан ШЫҰ бірде халықаралық ұйым, бірде интеграциялық бірлестік ретінде қарастырылғанымен және мүше мемлекеттер оның нақты мәртебесін ұйым Хартиясында анықтамаса да, өздерінің 2025 жылға дейін ұйым аясында алдарына қойған мақсаттары мен міндеттерінде ШЫҰ-ын интеграциялық бірлестік ретінде санамайтындарын айтады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества (г. Шанхай, 15 июня 2001 г.) [Электронды ресурс] URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1027310 (қаралған күн 20.11.2021)
- 2 Хартия Шанхайской организации сотрудничества (г. Санкт-Петербург, 7 июня 2002 г.) [Электронды ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P030000270_ (қаралған күн 20.11.2021)
- 3 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электронды ресурс] URL: <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kazahstana-prinyal-uchastie-v-zasedanii-soveta-glav-gosudarstv-chlenov-shanhaiyskoy-organizacii-sotrudnichestva-1783358> (қаралған күн 20.11.2021)
- 4 Положение «О статусе партнера по диалогу при Шанхайской организации сотрудничества» [Электронды ресурс] URL: <http://rus.sectesco.org/load/45451/> (қаралған күн 20.11.2021)
- 5 Резолюция 1296 (XLIV) ЭКОСОС ООН [Электронды ресурс] URL: https://digitallibrary.un.org/record/229032/files/E_1661-RU.pdf?version=1 (қаралған күн 20.11.2021)
- 6 Проект статей об ответственности государств за международно-противоправное деяния [Электронды ресурс] URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/responsibility.pdf (қаралған күн 20.11.2021)

- 7 Конвенция ООН о биологическом разнообразии 1992 года [Электронды ресурс] URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/biodiv.shtml/ (қаралған күн 21.11.2021)
- 8 Капустин А.Я. Понятие, предмет, источники и субъекты права международных организаций // Лекции по актуальным проблемам международного и европейского права /Под ред. Л.Н. Галенской, М.Л. Энтина. СПб.: Россия-Нева, 2004. – 546с.
- 9 Бекашев К.А., Бекашев Д.К. Правовая природа международных интеграционных объединений // Вестн. Том. гос. ун-та. – 2020. №455. [Электронды ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovaya-priroda-mezhdunarodnyh-integratsionnyh-obedineniy> (қаралған күн 20.11.2021)
- 10 Нурулин А.Р. Понятие и признаки международных интеграционных объединений //Евразийский юридический журнал. – 2017. №4 (107). С.60-65.
- 11 Фадеева И.А. Экономические выгоды и потери стран ШОС //Вопросы экономики и права. – 2017. № 2. С. 44-47.
- 12 Алексеенко О.А. Противоречия интеграционных процессов в Евразии на примере Шанхайской организации сотрудничества //Вестн. Моск. Ун-та. Сер. XXVII. Глобалистика и геополитика. – 2015. № 1/2. С.132-137.
- 13 Бекашев К.А. Понятие и правовой статус международных интеграционных объединений // Евразийский юридический журнал. – 2018. –№3 (118). С.58-65.
- 14 Серебрякова Н.В. Шанхайская организация сотрудничества: проблемы политической интеграции в Центральной Азии: Автореф. дис. ... канд. полит. наук. – М.: РУДН, 2009. С. 33.
- 15 Копжанов Р. Роль и место Казахстана в рамках Шанхайской организации сотрудничества // Вестник КазНПУ. – 2015. № 3 (43). С.133-142.
- 16 Курбанов Р.А. Экономическая интеграция: понятие, теории и виды // Бизнес в законе. – 2015. №2. С.107-111.
- 17 Қараңыз: Программа многостороннего торгово-экономического сотрудничества государств-членов Шанхайской организации сотрудничества [Электронды ресурс] URL: https://www.economy.gov.ru/material/file/f2034a49ba5ab9869d83c5a4a6c5de07/programma_shos.DOCX (қаралған күн: 21.11.2021).
- 18 Шералиев О.Р. Роль Делового совета в интеграционных процессах в рамках Шанхайской организации сотрудничества // “Иқтисодиёт ва инновацион технологиялар” илмий электрон журналы. – 2018. № 1. С. 1-9.
- 19 Fan X. (2021) Existing Mechanisms of the Shanghai Cooperation Organization and Their Problems Dealing With Non-traditional Security Challenges. International Organisations Research Journal, vol. 16, no 1, pp. 107-126.
- 20 Син Гуанчэн. Дальнейшее развитие и расширение ШОС // Шанхайская организация сотрудничества: от становления к всестороннему развитию (материалы Третьего заседания Форума ШОС, Пекин, 19–21 мая 2008 г.) – М.: МГИМО, 2008. С.57.
- 21 Қараңыз: Лавров В.С. Статус и деятельность Шанхайской организации сотрудничества (международно-правовой аспект) Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – М.: Институт государства и права РАН, 2008. С. 31.
- 22 Довгань С.Ф. История развития, статус и основные направления деятельности ШОС [Электронды ресурс] URL: <http://forsecurity.org/istoriya-razvitiya-status-i-osnovnye-napravleniya-deyatelnosti-shos> (қаралған күн 20.04.2021)
- 23 Декларация глав государств-членов Шанхайской организации сотрудничества [Электронды ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O0200000003> (қаралған күн: 21.11.2021).
- 24 Логинова Р.Р. Интеграционные процессы в рамках Шанхайской организации сотрудничества / Взаимодействие регионов стран-участниц ШОС: проблемы, тренды, перспективы: сборник материалов Международной научно-практической конференции (г. Уфа, 17-18 октября 2019 г.). Вып. XVIII. / отв. ред. Р.Р. Тухватуллин. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2019. – С.165-172.
- 25 Герчикова И.Н. Международные экономические организации. – М.: Издательство «Консалтбанк-кир», 2002. С.27.
- 26 Стратегия развития Шанхайской Организации Сотрудничества до 2025 года (г.Уфа, 10 июля 2015 года) [Электронды ресурс] URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33755348 (қаралған күн: 21.11.2021).

Ж.Зукай, Ж.Т. Искакова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

К вопросу определения правового статуса Шанхайской организации сотрудничества

Аннотация. В статье предпринята попытка провести комплексный анализ международно-правовых аспектов статуса Шанхайской организации сотрудничества как международной региональной организации. В ней исследованы и систематизированы имеющиеся данные, изучены научные подходы исследователей по данному вопросу, проанализированы нормативно-правовая база и внутриорганизационные механизмы функционирования ШОС, процессы ее институционального развития.

Ключевые слова: международная организация, Шанхайская организация сотрудничества, интеграционное объединение, международное право, региональное сотрудничество.

Zh. Zukay, Zh. Iskakova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The issue of determining the legal status of the Shanghai Cooperation Organization

Abstract. The article attempts to conduct a comprehensive analysis of the international legal aspects of the status of the Shanghai Cooperation Organization as an international regional organization. It examines and systematizes the available data. It studies the scientific approaches of researchers on this issue and analyzes the legal framework and internal organizational mechanisms of the SCO functioning, and its institutional development.

Keywords: international organization, Shanghai Cooperation Organization, integration association, international law, regional cooperation.

References

- 1 Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества [1 Declaration on the Establishment of the Shanghai Cooperation Organization] [Electron. resource], Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1027310 (accessed: 20.11.2021) [in Russian]
- 2 Хартия Шанхайской организации сотрудничества [Charter of the Shanghai Cooperation Organization] [Electron. resource], Available at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P030000270_ (accessed: 21.11.2021) [in Russian]
- 3 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Official website of the President of the Republic of Kazakhstan] [Electron. resource], Available at: <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kazahstana-prinyal-uchastie-v-zasedanii-soveta-glav-gosudarstv-chlenov-shanhayskoy-organizacii-sotrudnichestva-1783358> (accessed: 21.11.2021) [in Russian]
- 4 Положеніе «О статусе партнера по диалогу при Шанхайской организации сотрудничества» [Regulation «On the status of the Dialogue Partner at the Shanghai Cooperation Organization»] [Electron. resource], Available at: <http://rus.sectsc.org/load/45451/> (accessed: 21.11.2021) [in Russian]
- 5 Резолюция 1296 (XLIV) JeKOSOS OON [UN ECOSOC resolution 1296 (XLIV)] [Electron. resource], Available at: // https://digitallibrary.un.org/record/229032/files/E_1661-RU.pdf?version=1 (accessed: 20.11.2021) [in Russian]
- 6 Проект статей об ответственности государств за международно-противоправное деяние [Responsibility of States for Internationally Wrongful Acts] [Electron. resource], Available at: // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/responsibility.pdf (accessed: 21.11.2021) [in Russian]
- 7 Конвенция ООН о биологическом разнообразии 1992 года [Convention on Biological Diversity, 1992] [Electron. resource], Available at: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/biodiv.shtml/ (accessed: 21.11.2021) [in Russian]
- 8 Капустин А.Я. Понятие, предмет, источники и субъекты права международных организаций [The concept, subject matter, sources and subjects of the law of international organizations] // Лекции по актуальным

problemam mezhdunarodnogo i evropejskogo prava [Lectures on topical issues of International and European law] (SPb, 2004) [in Russian]

9 Bekjashev K.A., Bekjashev D.K. Pravovaja priroda mezhdunarodnyh integracionnyh ob#edinenij [The legal nature of international integration associations] // Vestn. Tom. gos. un-ta [Bulletin of the Tomsk University] (455), (2020) [Electron. resource], Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovaya-priroda-mezhdunarodnyh-integratsionnyh-obedineniy> (accessed: 20.11.2021) [in Russian]

10 Nurulin A.R. Ponjatie i priznaki mezhdunarodnyh integracionnyh ob#edinenij [The concept and features of international integration associations] //Evrazijskij juridicheskij zhurnal [Eurasian Legal Journal] (4), 60-65 (2017) [in Russian]

11 Fadeeva I.A. Jekonomicheskie vygody i poteri stran ShOS [Economic benefits and losses of the SCO countries] //Voprosy jekonomiki i prava /[Questions of economics and law] (2), 44-47, (2017) [in Russian]

12 Alekseenko O.A. Protivorechija integracionnyh processov v Evrazii na primere Shanhajskoj organizacii sotrudnichestva [Countering integration processes in Eurasia on the example of the Shanghai Cooperation Organization] //Vestn. Mosk. Un-ta. Ser. XXVII. Globalistika i geopolitika [Bulletin of the Moscow University] (1/2), 132-137, (2015) [in Russian]

13 Bekjashev K.A. Ponjatie i pravovoj status mezhdunarodnyh integracionnyh ob#edinenij [The concept and legal status of international integration associations] // Evrazijskij juridicheskij zhurnal [Eurasian Legal Journal] (3), 58-65 (2018) [in Russian]

14 Serebrjakova N.V. Shanhajskaja organizacija sotrudnichestva: problemy politicheskoy integracii v Central'noj Azii [Shanghai Cooperation Organization: Problems of Political Integration in Central Asia] // Avtoref. dis. ... kand. polit. nauk [Abstract of the dissertation of the Candidate of Sciences] (M, RUDN, 2009) [in Russian]

15 Kopzhanov R. Rol' i mesto Kazahstana v ramkah Shanhajskoj organizacii sotrudnichestva [The role and place of Kazakhstan in the framework of the Shanghai Cooperation Organization] // Vestnik KazNPU [Bulletin of the KazNPU] (3), 133-142, (2015) [in Russian]

16 Kurbanov R.A. Jekonomicheskaja integracija: ponjatie, teorii i vidy [Economic integration: concepts, theories, and types] // Biznes v zakone [Business in Law] (2), 107-111, (2015) [in Russian]

17 Programma mnogostoronnego torgovo-jekonomicheskogo sotrudnichestva gosudarstv-chlenov Shanhajskoj organizacii sotrudnichestva [The Program of multilateral trade and Economic cooperation of the member States of the Shanghai Cooperation Organization] [Electron. resource], Available at: https://www.economy.gov.ru/material/file/f2034a49ba5ab9869d83c5a4a6c5de07/programma_shos.DOCX (accessed: 21.11.2021) [in Russian]

18 Sheraliev O.R. Rol' Delovogo soveta v integracionnyh processah v ramkah Shanhajskoj organizacii sotrudnichestva [The role of the Business Council in the integration processes within the framework of the Shanghai Cooperation Organization] // "İktisodijot va innovacion tehnologijalar" ilmiy jelektron zhurnali [Scientific electronic journal «Economics and innovation technologies»] (1), 1-9, (2018) [in Russian]

19 Fan X. (2021) Existing Mechanisms of the Shanghai Cooperation Organization and Their Problems Dealing With Non-traditional Security Challenges. International Organisations Research Journal, vol. 16, no 1, pp. 107-126. [in English]

20 Sin Guanchjen. Dal'nejshee razvitie i rasshirenie ShOS [Further development and expansion of the SCO] // Shanhajskaja organizacija sotrudnichestva: ot stanovlenija k vsestoronnemu razvitiju (materialy Tret'ego zasedanija Foruma ShOS, Pekin, 19–21maja 2008 g.) [materials of the SCO Forum] (Moscow, 2008) [in Russian]

21 Lavrov V.S. Status i dejatel'nost' Shanhajskoj organizacii sotrudnichestva (mezhdunarodno-pravovoj aspekt) [Status and activities of the Shanghai Cooperation Organization (international legal aspect)] Avtoref. dis. ... kand. jurid. nauk [Abstract of the dissertation of the Candidate of Sciences] (Moscow, 2008) [in Russian]

22 Dovgan' S.F. Istorija razvitiya, status i osnovnye napravlenija dejatel'nosti ShOS [The history of development, status and main activities of the SCO] [Electron. resource], Available at: <http://forsecurity.org/istoriya-razvitiya-status-i-osnovnye-napravleniya-deyatelnosti-shos> (accessed: 21.11.2021) [in Russian]

23 Deklaracija glav gosudarstv-chlenov Shanhajskoj organizacii sotrudnichestva [Declaration of the Heads of State of the Shanghai Cooperation Organization] [Electron. resource], Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O0200000003> (accessed: 21.11.2021) [in Russian]

24 Loginova R.R. Integracionnye processy v ramkah Shanhajskoj organizacii sotrudnichestva [Integration processes within the framework of the Shanghai Cooperation Organization] / Vzaimodejstvie regionov stran-

uchastnic ShOS: problemy, trendy, perspektivy: sbornik materialov Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii [Materials of the International Scientific and Practical Conference] (Ufa, 2019) [in Russian]

25 Gerchikova I.N. Mezhdunarodnye jekonomicheskie organizacii [International economic organizations] (Moscow, 2002) [in Russian]

26 Strategija razvitija Shanhajskoj Organizacii Sotrudnichestva do 2025 [Development strategy of the Shanghai Cooperation Organization until 2025] [Electron. resource], Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33755348 (accessed: 21.11.2021) [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Зукай Ж. – Халықаралық құқық бойынша заң ғылымдарының магистрі, халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан. Тел.: +7 (7172)709-500 (внут. 31-270). E-mail: zhanerke_09@mail.ru

Искакова Ж.Т. – PhD докторы, халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан. Тел.: +7 (7172)709-500 (внут. 31-270). E-mail: ziskakova@list.ru

Zukay, Zh. – Master in Law, Senior Lecturer of the International Law Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan. Tel.: +7 (7172)709-500 (31- 270). e-mail: zhanerke_09@mail.ru

Iskakova Zh. – Ph.D., Senior Lecturer of the International Law Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan. Tel.: +7 (7172)709-500 (31- 270). e-mail: ziskakova@list.ru @enu.kz